



*Мектептегі әдістемелік
бірлестік жұмысы*

Әдістемелік бірлестік туралы ереже

I. Жалпы ережелер

Әдістемелік бірлестік білім мекемесіндегі (БМ) әдістемелік қызметтің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады. Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізеді.

Әдістемелік бірлестік бір пән немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша құрамында кемінде 5 мұғалім болған жағдайда құрылады. Әдістемелік бірлестіктерді құру, олардың санына, құрамына өзгерістер енгізу мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Әдістемелік бірлестіктер тікелей директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына бағынады.

II. Әдістемелік бірлестіктің міндеттері мен қызмет бағыттары

Әдістемелік бірлестік төмендегідей міндеттерді шешу үшін құрылады:
пән бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыру және жүргізу;
сабақ беру әдістемесін жетілдіру;
мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін көтеру;
педагогикалық эксперименттерді жүргізу.

Әдістемелік бірлестіктің негізгі жұмыс түрлері:

- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің проблемалары бойынша педагогикалық эксперименттерді өткізу және олардың нәтижесін білім процесіне енгізу;
- оқу-әдістемелік мәселелер бойынша мұғалімдердің шығармашылық есептері, дөңгелек үстел, кеңестер, семинарлар т. б.;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктердің отырыстары;
- пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар;
- оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, жалпы педагогика және психология мәселелері бойынша лекциялар, баяндамалар және дискуссиялар;
- озат педагогикалық тәжірибені және басқару құжаттарының талаптарын зерттеп, оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- пән және әдістемелік апталықтарды өткізу;
- өзара сабаққа ену;
- оқу сабақтарының өткізу сапасын бақылау

Әдістемелік бірлестік қызметінің негізгі бағыттары:

- пәндер бойынша білім деңгейінің қорытындыларын талдау;
- оқу жоспарының вариативтік бөлімдерін жасауға қатысу;
- оқу бағдарламаларындағы минимал көлем мен мазмұнға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізу;
- оқу әдістемелік және дидактикалық материалдарды талдау;
- пәндер бойынша ашық сабақтар және ашық сыныптан тыс іс-шаралар өткізу;
- пәндерді оқыту әдістемесі бойынша баяндамалар дайындау және талқылау;
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау және бақылау мәселелерін қарастыру;
- оқытудың жаңа технологияларын іздеу және енгізу бойынша педагогикалық эксперименттерді ұйымдастыру және жүргізу;
- оқу пәндерін өту әдістемесін жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік бірлестік ішінде және әдістемелік бірлестіктер арасында өзара сабаққа енуді ұйымдастыру;
- пәндер бойынша сайыстар, олимпиадалар, жарыстар өткізу туралы ережелер жасау.

III. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы.

Әдістемелік бірлестікті бірлестік мүшелерінің келісімімен тәжірибелі ұстаздар тарапынан таңдалған төраға басқарады. Төрағаны БМ директоры тағайындайды.

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы жылдық жоспар негізінде іске асырылады. Жоспар әдістемелік бірлестіктің төрағасы тарапынан құрылады, әдістемелік бірлестіктің отырысында қарастырылады, директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіліп, мектеп директорымен бекітіледі.

Әдістемелік бірлестіктің отырысы тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі. Отырыстың мерзімі, өтілу орны туралы төраға дер кезінде директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына хабарлау керек. Қаралып отырған әр мәселе бойынша ұсыныс қабылданып, ол хаттама журналына жазылады. Ұсыныстар әдістемелік бірлестік төрағасының қолымен бекітіледі.

IV. Әдістемелік бірлестіктің құжаттары

1. ӘБ төрағасын тағайындау туралы бұйрық.
2. Әдістемелік бірлестік туралы ереже .
3. Өткен оқу жылының жұмысын талдау.
4. Әдістемелік жұмыстың тақырыбы, оның мақсаты, негізгі бағыттары және жаңа оқу жылының міндеттері.
5. ӘБ жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
6. ӘБ мұғалімдері туралы мәліметтер.
7. ӘБ мұғалімдерінің өз білімін жетілдіру тақырыптары туралы мәліметтер.
8. ӘБ мұғалімдерінің біліктілін көтеру кестесі.
9. ӘБ мұғалімдерін аттестациялаудың перспективті жоспары
10. Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу кестесі
11. Оқу бағдарламалары .
12. Пән апталықтарының жоспары.
13. Жас маманмен жұмыс жоспары.
14. Пән бойынша алынған бақылау жұмыстарының қорытындылары.
15. Мектепшілік бақылау (анықтамалар, диагностика).
16. ӘБ отырыстарының хаттамалары.

V. Әдістемелік бірлестіктің құқықтары **Әдістемелік бірлестіктің құқығы бар:**

- мұғалімдердің біліктілік разрядтарын көтеру туралы ұсыныс дайындауға;
- мектепте оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныс беруге;
- ӘБ-те жиналған озат педагогикалық тәжірибе материалдарын жариялау туралы мәселені қоюға;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша директор орынбасарларынан кеңес сұрауға;
- мұғалімдердің аттестациясын ұйымдастыру және мазмұны бойынша ұсыныстар беруге;
- ӘБ тарапынан «Жыл мұғалімі» сайысына мұғалімдерді ұсынуға.

VI. Әдістемелік бірлестік қызметін бақылау.

Әдістемелік бірлестіктің қызметі мектеп директоры және оның орынбасарлары тарапынан бақыланады. Бақылау мектептің әдістемелік жұмысы және мектепшілік бақылау жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

ӘБ әдістемелік тақырыбы:

Оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін қолдану негізінде оқушылардың білім сапасын көтеру

Мақсаты:

Оқу-тәрбие процесінде жаңашыл әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы:

- Мұғалімдердің ғылыми - әдістемелік, шығармашылық ізденімпаздығын арттыру;
- Оқушылардың интеллектуалды қабілеттерін дамыту, шығармашылық іс-әрекеттерге жетелеу.

Әдістемелік жұмысының негізгі міндеттері

1. Ұстаздардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру.
2. Сабақтар өтілуінің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету.
3. Жас мамандарды кәсіби шыңдау.
4. Жаңа ақпараттық технологияларды ендіру негізінде оқу сабақтардың өтілу сапасын жоғарылату.
5. Оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияларды іздеу бойынша педагогикалық эксперименттерін жалғастыру.
6. Шығармашыл мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарқату. Білім беру процесінің жаңа әдістемелік жасақтауын талдау және апробациялау, озыт педагогикалық тәжірибені, оқытудың жаңа формаларын, әдістерін ендіру.
7. Барлық құжаттарды жүргізу сапасын жоғарылату бойынша жұмысты ұйымдастыру және өткізу.
8. Оқу, ғылыми-әдістемелік және дидактикалық материалды жасау

**№20 мектептің 2007-2008 оқу жылына арналған
қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары**

№	Жұмыс бағыттары	Негізгі іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Түпкі нәтиже
1.	Әдістемелік жұмыс	1.ӘБ отырыстары. 2.ӘБ кеңестерін өткізу. 3.Мектепшілік «Жыл мұғалімі"сайысы 4.Жас мамандармен жұмыс 5.Мұғалімдер олимпиадасы	Тоқс.1рет Дер кезінде Үнемі Ақпан Дер кезінде	Өсерова Т. Өсерова Т Өсерова Т Тәлімгерлер	Хаттама Хаттама Жоспар Альбом Буклет
2.	Сыныптан тыс жұмыс	1.Пән апталығы 2.Пән бойынша олимпиада 3.Үйірме жұмысы 4.Мектепшілік сайыстар 5.Кештер	Қазан Айына 2 рет	Өсерова Т Пән мұғалімдері	Альбом Хаттама
3.	Пән бойына білім стандартын орындау	1.Бақылау жұмысының кестесін жасау. 2.Әкімшілік тарапынан алынатын бақылау жұм. 3.4-11 сыныптарындағы тест жұмыстары 4.Тоқсандық бақылау жұмыстарының нәтижесі.	Қыркүйек Дер кезінде Дер кезінде Тоқсан соңында	Өсерова Т Пән мұғалімдері Өсерова Т Пән мұғалімдері	Кесте Анықтама Анықтама Анықтама
4.	Мұғалімнің біліктілігін көтеру.	1.Өзара сабақтарға,сыныптан тыс іс-шараларға ену. 2.Біліктілікті көтеру курстарына қатысу. 3.Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу.	Үнемі Жоспар б-ша Жоспар б-ша	Пән мұғалімдері Ахан тегі Қ Өсерова Т	Талдау Күәлік Жоспарлар
5.	Мектеп құжаттамасы-мен жұмыс	1.Өзара оқушылар дәптерін тексеру. 2.Жас мамандардың журнал толтыруын бақылау.	Дер кезінде Дер кезінде	Пән мұғалімдері Тәлімгерлер	Талдау Анықтама
6.	Оқу кабинеттерінің материалдық базасын нығайту жұмыстары	1.Пән кабинетін жаңа стендтермен жабдықтау. 2.Пән кабинеттер байқауына қатысу. 3.Кабинетті көгалдандыру жұмыстары.	Тамыз-қыркүйек Жоспар б-ша Үнемі	Кабинет меңгерушісі	Стендтер Альбом

әдістемелік бірлестігінің жоспар кестесі

Апта күні	Айдың аты: Сәуір			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
Дүйсенбі	Оқу кабинеттерінің сабаққа дайындығын тексеру.	5-8 сынып оқушыларынан тест алу.	5- сынып оқушыларының оқу тездігін тексеру	4-сынып оқушыларының МАБ-қа дайындығын тексеру
Сейсенбі	Мұғалімдердің сабақтарына ену.	9-10 сынып оқушыларынан тест алу	9-10 сынып оқушыларының дәптерін тексеру	11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындығын тексеру
Сәрсенбі	Оқушылардың дәптерлерінің тексерілуін қадағалау	11-сынып оқушыларынан тест алу	Жас мамандарға көмек көрсету	Дарынды оқушылармен жұмыс
Бейсенбі	Мектепшілік оқу кабинеттерінің байқауын өткізу.	Әдістемелік журналдарға талдау жасау	Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау	Мұғалімдердің сабақтарына ену
Жұма	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру
Сенбі	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	5-11 сынып оқушыларынан алынған тест қорытындысын талқылау	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау

№ 20 орта мектептің 2007-2008 оқу жылы әдістемелік бірлестігіндегі мұғалімдер туралы

мәлімет

№	Мұғалімдердің аты-жөні	Туған күні айы жылы	Білімі	Нені және қашан бітірді	Пед өтілі	Категория	Сағат жүктеме сі	Қай сыныпта сабақ береді	Біліктілікті көтеру курстары		Жүргізеді		Марапаттаулар
									Қашан өтті	Қашан өтеді	Факультатив	Үйірме	
1	Тілеубергенов аШ.	17.09.78	жоғары	ХҚТУ 2005	9	I	18	6,10	2006	2011	-	-	ОБДгр, ҚББ алғысхат
2	Ермаханова Р.	15.10.65	жоғары	Дарын 2005	13	II	18	5,8	2005	2010	-	-	-
3	Оспанова Ш.	11.01.81	жоғары	ХҚТУ 2002	4	II	18	7,8	2006	2011	-	+	-
4	Ахан тегі	20.08.83	Жоғары	ОҚАУ 2003	3	-	18	7,6	2007	2012	-	-	-
5	Досжан А.	5.04.82	жоғары	ХҚТУ 2003	4	-	18	2,3	2007	2012	-	-	-
6	Өсерова Т.	12.11.82	Жоғары	ХҚТУ 2004	4	II	18	6,10	2007	2012	-	-	-
7	Молдабекова С	18.03.74	Жоғары	ҚРУ 2006	3	-	18	3,4	-	2008	-	-	-
8	Стамқұлова Ж.	2.02.80	Жоғары	ХҚТУ 2000	7	II	18	9-11	-	2008	-	-	-
9	Юнусова Д.	3.03.85	Аяқт. жоғары	ХҚТУ 3-курс	1	-	18	1,2	-	-	-	-	-
10	Құрманбекова С.	4.04.84	жоғары	ХҚТУ 2006	2	-	18	5,8	-	-	-	-	-
11	Қайқыбаева Г.	5.05.82	жоғары	ХҚТУ 2004	-	-	18	5	-	-	-	-	-
12	Әмірбекова М	3.01.83	жоғары	ХҚТУ 2005	-	-	18	1,2	-	-	-	-	-

Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ мұғалімдерінің шығармашылық тақырыптары туралы мәлімет

№	Мұғалімнің аты-жөні	Шығармашылық тақырыбы
1	Тілеубергенова Ш.	«Абай шығармаларын оқыту арқылы адамгершілікке баулу»
2	Ермаханова Р.	«Аңыз -әңгімелерді оқыту арқылы оқушы тілін дамыту»
3	Оспанова Ш.	«Ауыз әдебиеті элементтерін сабақ барысында тиімді пайдалану»
4	Ахан тегі	«Абай өлеңдерін оқыту арқылы оқушылардың сөйлеу қабілетін дамыту»
5	Досжан А.	«Буын түрлерін ажырата білуге үйрету»
6	Өсерова Т.	«Қазақ тілі сабағында жаңа технология элементтерін тиімді пайдалану»
7	Молдабекова С	« Бастауыш сынып оқушыларын сауатты жазуға үйрету»
8	Стамқұлова Ж.	«Қазақ тілі сабағында ойын элементтерін пайдалану»
9	Юнусова Д.	« Қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың тілін дамыту»
10	Құрманбекова С.	«Оқушыларды сауатты оқуға үйрету»
11	Қайқыбаева Г.	«Қазақ әдебиеті сабағында жаңа педагогикалық технология элементтерін пайдалану»
12	Әмірбекова М	«Бастауыш сыныптарда ойын элементтерін тиімді пайдалану »

Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ мұғалімдері біліктілігін көтерудің перспективті жоспары

№	Мұғалімнің аты-жөні	Білімі	Курсты аяқтаған жылы	Біліктілікті көтеру курстарынан өтуді жоспарлау				
				2004-2005	2005-2006	2006-2007	2007-2008	2008-2009
1	Тілеубергенова Ш.	жоғары	2006			+		
2	Ермаханова Р.	жоғары	2005		+			
3	Оспанова Ш.	жоғары	2006			+		
4	Ахан тегі	Жоғары	2007				+	
5	Досжан А.	жоғары	2007				+	
6	Өсерова Т.	Жоғары	2007				+	
7	Молдабекова С	Жоғары	-					+
8	Стамқұлова Ж.	Жоғары	-					+
9	Юнусова Д.	-	-					
10	Құрманбекова С.	жоғары	-					+
11	Қайқыбаева Г.	жоғары	-					

**Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ мұғалімдерінің
аттестациялаудың перспективті жоспары**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Соңғы аттестацияның жылы	Берілген категория					
				2004-2005	2005-2006	2006-2007	2007-2008	2008-2009
1	Тілеубергенова Ш.	2006-2007	I			+	+	
2	Ермаханова Р.	2005-2006	II		+		+	
3	Оспанова Ш.	2006-2007	II			+		
4	Ахан тегі	-	-				+	
5	Досжан А.	-	-	-	-	-	-	-
6	Өсерова Т.	2006-2007	II			+		
7	Молдабекова С	-	-	-	-	-	-	-
8	Стамқұлова Ж.	2005-2006	II		+			
9	Юнусова Д.	-	-	-	-	-	-	-
10	Құрманбекова С.	-	-	-	-	-	-	-
11	Қайқыбаева Г.	-	-	-	-	-	-	-
1	Әмірбекова М							

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша өтілетін
ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар кестесі**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырыбы ,сыныбы, мерзімі							
		Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір
1	Стамқұлова Ж.	«Атажұрт» инт. ойын 9-сынып							
2	Оспанова Ш.		«Баяндауыш» 8-сынып						
3	Өсерова Т.			«Өтілген тақырыпты қайталау» 10-сынып					
4	Ермаханова Р.					«Абай-дана, Абай-дара» 5-сынып			
5.	ҚұрманбековаС.							«Қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы» 5-сыны	
6.	Ахан тегі Қ				«Желтоқсан жаңғырығы» әдеби кеш 10-11 сынып				
7.	Әмірбекова М						«Ақын Қ. Сарыбаев 70 жаста» кеш 9 сынып		

**№20 мектептің 2007-2008 оқу жылына арналған
қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары**

№	Отырыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>Отырыс I.</p> <p>1.Тілдер күніне байланысты «Ана тілім-айбыным»атты апталық өткізу.</p> <p>2.I жарты жылдықта өтілетін ашық сабақтардың жоспарын жасап, бекіту.</p> <p>3.Мұғалімдердің өзара сабаққа ену кестесін жасау.</p> <p>4.ҰБТ-ға, МАБ-қа оқушыларды дайындау</p>	Қыркүйек	<p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Пән мұғалімдері</p>
2	<p>Отырыс II.</p> <p>1.Қалалық оқушылардың пәндік олимпиадасына оқушылар ұсыну</p> <p>2.Қысқы педагогикалық оқуға баяндама ұсыну.</p> <p>3.Өтілген ашық сабақтарға талдау жасау.</p> <p>4.Жазба жұмыстарының қорытындысын талқылау .</p>	Қараша	<p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Бірлестік жетекшісі</p>
3	<p>Отырыс III.</p> <p>1.I жарты жылдықта атқарылған жұмыстарға талдау жасау.</p> <p>2. Мұғалімдердің II жарты жылдыққа жасаған күнтізбелік жоспарларын бекіту.</p> <p>3.ҰБТ-ға,МАБ-қа дайындық жұмыстарын талқылау</p>	Қаңтар	<p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Пән мұғалімдері</p>
4	<p>Отырыс IV.</p> <p>1.Үйірме жұмыстарының жүргізілуін талқылау</p> <p>2. Жас мамандардың сабақтарына талдау жасау.</p> <p>3.11-сынып оқушыларынан мектепшілік алынған тесттің қорытындысын талқылау.</p>	Наурыз	<p>Үйірме жетекшілері</p> <p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Бірлестік жетекшісі</p>
5	<p>Отырыс V.</p> <p>1.Жазба жұмыстарының қорытындысын талқылау.</p> <p>2.Молдабекова Сәуленің жазғы педагогикалық оқуға дайындығын тексеру</p> <p>3.Бірлестіктің бір жылдық жұмысын қортындылау</p>	Мамыр	<p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Бірлестік жетекшісі</p> <p>Бірлестік жетекшісі</p>

Жас мамандармен жұмыс жүргізу жоспары

р/с	Жүргізілетін жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Түпкі нәтиже
1	Жас мамандарға тәлімгер ұстаздар бекіту.	Қыркүйек	Оқу ісінің меңгерушісі	Бұйрық
2	Бірлестік жұмысына жас маманды тарту, сабақ жоспарларын жасау үлгілері жөнінде нұсқау беру.	Қыркүйек	Тәлімгерлер	Жадынамалар
3	Жас мамандарды тәлімгер ұстаздардың сабақтарына қатыстыру.	Жыл бойы	Бірлестік жетекшілері	Сабақ талдаулары
4	Дөңгелек үстел «Жас мамандардың білімін жетілдіру»	Қараша	Тәлімгерлер	Іс-шара жоспары
5	Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында тақырыптық семинарлар өткізу	Тоқсанда 1рет	Дир.орынбас. Тәлімгерлер	Семинар материалдары
6	Жас мамандарға нақты көмек ұйымдастыруда диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу.	Желтоқсан	Дир.орынбас.	Диагностикалық карталар
7	Практикалық жұмыс: «Сабаққа жүйелі талдау жасау әдістемесі мен технологиясы»	Қаңтар	Тәлімгерлер	Сабақ жоспары
8	«Жас маман апталығы»	Сәуір	Тәлімгерлер ӘБ жетекшісі	Апталық жоспар , материалдары
9	Дөңгелек үстел «Мен маман ретінде қалыптасуымда қандай проблемаларға кезіктім және оны қалай шештім?»	Мамыр	Директор бірлестік жетекшілері Дир. орынб. Тәлімгерлер	Іс-шара материалдары
10	Жас маманның тағылымдама парағын толтыру, жылдық жұмысына талдау жасау.	Мамыр	Тәлімгерлер	Тағылымдама парағы

№20 ОМ қазақ тілі пәні бойынша 2007-2008 оқу жылының

III тоқсандағы бақылау жұмыстардың қорытындысы

№	Мұғалімнің аты-жөні	сыныбы	Оқушы саны	Жазған оқ. саны	Бағалар				Орта балл	% үлгерімі	% білім сапсы
					5	4	3	2			
1	Әмірбекова М.	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-
2	Юнусова Д.	2	21	21	5	7	7	2	3,7	90	57
3	ДосжанА.	3	21	21	7	5	8	2	3,7	90	57
4	МолдабековаС.	4	25	24	5	10	8	2	3,7	90	62
5	Ермаханова Р.	5	22	21	6	9	5	1	3,9	95	71
6	ТілеубергеноваШ.	6	20	19	8	5	6	-	4	100	68
7	Оспанова ш.	7	26	25	6	10	9	-	3,8	100	64
8	Ахан тегі Қ	8	20	19	5	9	5	-	4	100	73
9	Өсерова Т.	9	20	20	6	8	5	1	3,9	95	70
10	ҚұрманбековаС.	10	21	19	3	9	4	3	3,6	84	63
11	Стамқұлова Ж.	11	15	14	5	5	4		4	100	71
Мектеп бойынша			211	203	56	77	61	9	3,8	94	65

20..... -20..... оқу жылының қорытындысы бойынша РЕЙТИНГТІК КАРТАСЫ

I. Оқушылардың шығармашылық белсенділігі

1. Пән олимпиадаларының қорытындылары

	Пәні	Оқушылар саны	Жеңімпаздар(орны, аты-жөні, сыныбы)	Жеңімпаз жетекшінің аты- жөні
Қала (аймақ)				
Аудан				
Облыс				
Респуб-лика				

1. Шығармашылық байқаулар қорытындылары (жеке оқушы есебі)

	Байқау аталуы	Оқушылар саны	Жеңімпаздар(орны, аты-жөні, сыныбы)	Жеңімпаз жетекшінің аты- жөні
Қала (аймақ)				
Аудан				
Облыс				
Респуб-лика				

Шығармашылық байқаулар қорытындылары (топтық есеп)

	Байқау аталуы	Оқушылар саны	Жеңімпаздар(орны, аты-жөні, сыныбы)	Жеңімпаз жетекшінің аты- жөні
Қала (аймақ)				
Аудан				
Облыс				

1.Интеллектуалдық ойын-конкурстардың жеңімпаздары

Ойын-конкурстың аталуы	Дәрежесі	Қатысушылар саны	Сыныптар	Мұғалімнің аты-жөні	Жеңімпаздардың аты-жөні
1.«Ақ бота» марафоны					
2.«Кенгуру» марафоны					
3.«Русский медвежонок»					

5.Оқушылардың Кіші ғылыми Академиясына қатысуы

	Секция	Оқушылардың аты-жөні	Сыныбы	Тақырыбы	Жетекшінің аты-жөні	Жеңімпаздардың аты-жөні (орны, сыныбы)
Қала (аймақ)						
Аудан						
Облыс						
Респуб-лика						

II. Әдістемелік бірлестік мүшелерінің шығармашылық белсенділігі

1. Педагогтардың байқау және жобаларға қатысуы

	Байқау немесе жобаның аталуы	Қатысушының аты- жөні
Қала (аймақ)		
Аудан		
Облыс		

2. ӘБ мүшелерінің жарияланымдары

№	Автордың аты-жөні	Мақаланың, кітаптың аталуы	Баспасы

3. Педагогтардың кәсіби конкурстарға қатысуы

	Конкурстың аталуы	Қатысушының аты-жөні	Жеңімпаздардың аты-жөні, алған орны
Қала (аймақ)			
Аудан			
Облыс			
Республика			

4. Педагогтардың тақырыптық іс-шараларға қатысуы (семинар, конференциялар)

	Іс-шараның аталуы	Қатысушының аты-жөні
Қала (аймақ)		
Аудан		
Облыс		

5. Педагогтардың аттестациядан өтуі

№	Педагогтардың аты-жөні	Алдыңғы санаты	Жаңадан алынған санаты

6. Педагогтардың біліктілік арттыру курстарынан өтуі

№	Педагогтардың аты-жөні	Курс аталуы	Өту мерзімі

7. ӘБ мүшелерінің марапатталуы

	Педагогтың аты-жөні	Марапатталуы
Мектеп		
Қала (аймақ)		
Аудан		
Облыс		

8. Педагогтар ұйымдастырған іс-шаралар

	Іс-шара аталуы	Ұйымдастырушының аты-жөні
Мектеп		
Қала (аймақ)		
Аудан		
Облыс		
Республика		

9. Қосымша білім беру

№	Үйірме жетекшісінің аты-жөні	Үйірме атауы	Сыныбы	Қатысушылар саны



*Зейін қойып
тыңдағандарыңыз
үшін рахмет!*